

## МЕКТЕПТЕГІ КӘСІБИ ҚОҒАМДАСТЫҚТЫҢ МҰҒАЛІМДЕРГЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУДЕГІ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Сюндикова Данагуль Жаппаспаевна,  
24 А бастауыш-мектеп-гимназияның директоры, Қостанай қ.

### Аннотация

Өзектілігі мақалада заманауи мектептегі кәсіби қоғамдастық қызметі туралы баяндалған. Қоғамдастық бірлестікті құрудың мақсат-міндеттері, педагог ұжымына сапалы ықпал ету жолдары айқындалған.

Мақсаты: инновациялық әрекеттерін үш деңгейлік біліктілік курстарынан өткен мұғалімдердің кәсіби жетілуі.

**Түйінді сөздер:** кәсіби қоғамдастық, инновация, кәсіби-педагогикалық тәжірибе.

### Аннотация

Актуальность статьи в том, что актуализирован такой инновационный подход в школах, как создание профессионального сообщества. Определены цель и задачи школьного сообщества учителей, осуществление наставнической деятельности педагогов.

Цель: профессиональное развитие педагогов, прошедших трехуровневые курсы.

**Ключевые слова:** профессиональное сообщество, инновация, профессионально-педагогическая практик.

### Abstract

The relevance of the article is that such an innovative approach in schools, as the creation of a professional community, has been updated. The goal and objectives of the school community of teachers, the implementation of mentoring activities of teachers are determined.

Goal: professional development of teachers who have completed three-level courses.

**Keywords:** professional community, innovation, professional pedagogical practice.

Педагогтардың кәсіби қоғамдастығы заманауи білім беру саласындағы рөлі мен маңыздылығы инновациялық тәжірибені кең білім беру ортасына тарату жолдары қалыптасқан. Желілердің білім және инновациялар алмасу үдерісінде мұғалімдердің кәсіби қоғамдастығы әдістемелік жұмысты ғылыми тұрғыда айқындауға негіз болады. Мектептер арасындағы ынтымақтастық қатынас орнату мәселесі халықаралық тәжірибені ескеру керек. Кәсіби қоғамдастықтың мектеп жұмысының ілгерілеуіне ықпалы зор екеніне көз жеткізуде дүниежүзілік жетістіктерді айқындауға болады. Германия, Сингапур, Финляндия, Жапония, Шанхай, Канада, Австралия сияқты елдердегі білім беру саласындағы реформаларға салыстырмалы талдау жасадық. Әлемдік білім кеңістігінде бұл елдер өзінің инновацияларын талап ететін және білім беру жүйесіндегі сапалы өзгерістерді көрсететін елдер ретінде ұстанады. Әлемдік бәсекелестік рейтингте мұндай елдердің білім беру тәжірибесі жетекші орындарды алады. Сондықтан сұрақ туындайды: біздің білім беру жүйемізде не дұрыс емес? Неліктен білім берудің барлық деңгейлерінде жаңғырту жолына қарамастан біз дағдарыс үдерістерін байқаймыз және қатысамыз? Білім беру жүйесі жоғары дамыған елдер арасында жалпыға ортақ не бар? Нені өзімізге қаратып алуымызға болады? Мектеп мұғалімдерін біріктіруде қандай үлгілі жолдары бар екендігін ескеру керек. Осы мәселелердің себеп-салдарын зерттеу барысында сол жетістіктерді анықтай отырып, елдегі әлеуметтік-экономикалық дағдарысты бірден байқаймыз.

Білім беру жүйесі ең алдымен дағдарыстық құбылыстарды бастан кешуде. ҚР мемлекеттік білім беруді дамыту бағдарламасы құжатында білім беру жүйесін реформалау мен жаңартуды, білім берудің барлық салаларын дамытуға интеллектуалды және қаржылық инвестицияларды анықтау жолдары бірлескен педагогтар қауымдастығында жоспарланып іске асыруда. Қазақстандағы білім беруді дамытудың бағдарламалық құжаттарында адами ресурстар бірінші кезекте тұрған. Білім сапасы жоғары елдердің озық тәжірибесінде айқындалған. Елімізде педагогикалық кадрлардың сапасын көтеруде «Қазақстан Республикасының Педагогтың кәсіби стандартында», «Қазақстан Рес-

публикасындағы мұғалімнің мәртебесі туралы» Заңында мұғалімнің коммуникативті дағдылары, ұйымшылдық қабілеттерін дамыту, командада жұмыс істей білу, сыни тұрғыдан ойлау, кәсіби мәселелерді шешу, тиімділік және шығармашылықпен педагогикалық әрекеттерін жасау сияқты ерекшеліктерімен ерекшеленеді. Сонымен бірге, мұғалімнің кәсіби-педагогикалық қызметін заман талабына салу, қоғам мен мемлекеттің сұранысын тиімді жүзеге асыру үшін оның өмір бойы өсіп кәсіби жағынан үнемі өзін жетілдіріп отыру үшін әлеуметтік маңызы бар жағдайларда мұғалімге, оның кәсіби шеберлігін жетілдіруге және оның ұстанымын бекіту үшін бірқатар қатаң талаптар қойылады. Заманауи принципі «өмір бойы оқыту» деп қойылған.

Әлемдегі қазіргі геосаяси және экономикалық жағдай, білім беру тәжірибесінде серпіліс және уақыттың сын-қатерлеріне адекватты жауап беру құзыретті және бәсекеге қабілетті мұғалімсіз мүмкін емес.

Ақпараттық ғасырдың цифрлануы білім беру үдерісінің дамуының өзіндік векторын тағайындайды. Осы талапқа қазіргі мұғалім дайын ба? Педагог цифрлы педагогиканың мақсат-міндеттерін шеше алады ма?

Ең алдымен әлемдік еңбек нарығында бәсекеге қабілетті білім беру мақсаттарын педагогтар қабылдайды, өз шәкірттеріне бағыт-бағдар береді. Кәсіби қоғамдастықтың алдында жаңғыру, жаңа жолға салу, өзгерістерді іріктеп таңдап алу – бұл біздің білім беру жүйеміздегі жаңа реформалардың негізін қалаған даусыз шындық. Бірақ, сонымен бірге біз жоғары дамыған елдердің жүйелерін зерттеу кезінде ең жақсы үлгілерді ғана емес, сонымен бірге өз тәжірибемізге, біздің елдің менталитеті мен ұлттық ерекшеліктеріне назар аударғанымызды қалаймыз.

Мектеп – бұл үш маңызды субъектілерінің (оқушылардың, ата-аналардың және мұғалімдердің) өзара әрекеттестігі. Сондықтан, ата-аналар қауымдастығына арқа сүйеу, мектеп пен ата-аналардың арасындағы қатынастарды реттеу, әсіресе, бастауыш мектеп жағдайында, зерттеу тәжірибесінде маңызды бағыт пен тірек болып табылады. Бұл инновацияны енгізу тиімділігінің өте маңызды компоненті болып табылады.

Заманауи мұғалімдерде жаңа идеяларды, инновациялық мінез-құлық стратегияларын ұсына білу, көшбасшылық қабілеттер өзгерістер тұрғысынан негізгі болып табылады, ең алдымен, жинақталған тәжірибені қайта қарау және уақытты табу қажеттілігі туралы хабардар болу біздің балаларымыздың дамыған елдердегі құрдастарымен бәсекеге түсуі үшін қажетті ресурстар, мүмкіндіктер мен күштер бола алады.

Қазақстандағы білім беру жүйесінде жүргізіліп жатқан реформалар осы маңызды қадам жасауға мүмкіндік береді. Ол үшін бізде келесі салалар қажет – ерік, тілек және құзырлы кадрлар болуы. Бұл бағытта ең алдымен педагогтар құрамымен жүйелі түрде кәсіби өсірудің бағдарламаларын дұрыс ұйымдастыру қажет.

Бастау кезінде бұл қолданыстағы басқару жүйесін зерттеуге және талдауға байланысты жұмыстар болады. Мектептегі кәсіби қауымдастығының жұмысын жақсы ұйымдастыруы – педагогикалық кеңестер, әдістемелік кеңестер, әкімшілік жоспарлау кеңестері, кәсіби қоғамдастықтың жоспарлы мәжілістерін жүйелі және уақытында өткізіуі. Сертификатталған мұғалімдер педагогикалық алаңдар ұйымдастырып, өз тәжірибелерін көрсетеді және деңгейлік курстардың түйінді идеяларын өз педагогикалық қызметінде ашуға мүмкіндік алады. Осындай нормативті саладағы қызметтер талдау мен сараптамадан өтіп, жағдайларды талдай отырып, қандай өзгерістерді күтуге болатындығы айқындалады. Мысалы, бастауыш мектепте білім сапасы мен оқу үлгерімі жағдайлары талдауға алынады. Сонымен қатар, пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобаларда қалалық және облыстық деңгейде айтарлықтай көрсеткіштерді сараптамадан өткізіп талдау барысында мектеп мұғалімдерін осы салада қандай нәтижелерге әкелетіндігі кәсіби талдау мен бағаладан өткізіледі.

Деңгейлік курстардың идеялары бойынша бірқатар қызықты іс-шаралар өткізіледі, бірақ сертификатталмаған мұғалімдердің түсінігі мен қолдауынәлі де қсіру керек.

Жұмыс аяқталғаннан кейін сапалы рефлексия байқалмады. Мұғалімдер сабақтарын пысықтап алады, бірақ ө жасағанын әріптестер алдында талдауға немқұрайлы қарады. Сондықтан «Даму» атты кәсіби қоғамдастық мектептің әдістемелік жұмысын жаңғыртуға қолайлы болды. Негізгі бағыт – пәндік білімнің сапасын көтеруде педагогтардың біріктірген қызметі өте қажет, іс жүзінде жағдайды өзгерту керек болды.

Мектептегі «Даму» кәсіби қоғамдастық құрудан бастадық. Бастауыш мектептің ерекшеліктерін ескере отыра, оқыту ортасында жаңа кәсіби қоғамдастықтың – сертификатталған мұғалімдердің пайда болуы тиімді басқару жүйесін дамытуды талап етті. Бұл мұғалімдер білімді механикалық түрде алмайтын, бірақ оны өздері қалыптастыратын, өз тәжірибесін зерделеу арқылы көшбасшылық позициядан шығатын қоғамдастық ретінде «Даму» ортасы миссиясы – теориялық және практикалық кәсіби құзыреттілігі жеткілікті жоғары деңгейдегі мұғалімдерді тәжірибесін жетілдіру мақсатында өз әріптестеріне сабақ беру және тәлімгерлік ету үшін дайындау.

Кәсіби қоғамдастықтың мақсаты – сертификатталған мұғалімдердің кәсіби педагогикалық ортаны түрлендіру бойынша күш-жігерін біріктіру ғана емес, сонымен қатар бастауыш білім беру жүйесін дамыту тетіктерін іздеу.

Ортаның құрамына сертификатталған мұғалімдер кірді, олар топтарға бөлінді, олар оқушылардың білім деңгейлерін ерте анықтау және дамыту, сыни ойлаудың қалыптасуы мен дамуы және мұғалімдер арасында АКТ құзыреттілігін дамыту сияқты мәселелерді ортаға салды.

Бүгінгі таңда педагогикалық тәжірибесі мен жас ерекшелігі бойынша ерекшеленетін сертификатталған мұғалімдер осы қоғамдастықтың белсенді шығармашылық тобына кірді, олар менторлық және тәлімгерлік қызметтер атқарады. Бұл инновацияны басқа педагогтарға аударудың маңызды ресурстарының біріне айналған берік команда. Кәсіби шеберлігі бар педагогтар мектеп-гимназияның қолданыстағы басқару жүйесіне біріктірілген, педагогикалық кеңестің, әдістемелік кеңестің және пәндік бөлімдердің жұмысымен өзара әрекеттесу механизмдері анықталған.

Яғни, сертификатталмаған мұғалімдері жұмыс жасай отырып, деңгейлік бағдарламалар бойынша алған білімдері мен дағдылары көрсетіп қана қоймай, олардың назарын интрига немесе сахналау арқылы аударуға тырысады. Бұл шешім қабылдауға өте күшті мотиватор болады. Жаңадан қосылмаған мұғалімдер, жас мамандар іс-әрекеттерін бақылай отырып, «Мен кімін? Менің рөлім қандай? Мен не істеймін?» сұрақтар қояды. Одан әрі, коучингтер мен тренингтер жұмысына қатысып, үшінші деңгей мұғалімдерінің сабақтарына қатысқаннан кейін, сұрақтар: «Мен неге спалы жасамадым, неге қиыншылық туды? Менің бұл мұғалімнен қандай айырмашылығым бар? деген қояды. Содан кейін өте маңызды сұрақтар «Маған керек пе? Бұл маған не үшін керек?», деген сұрақтарға жауаптар, шын мәнінде, мұғалімнің сеніміне әсер етеді.

Нәтижесінде педагогтар өздерінің кәсіби философиясын үнемі рефлексиялық тұрғыдан түсінеді және өзінің құндылық бағдарлары жүйесі мен негізгі принциптерін анықтай отырып, ол командада ынтымақтастық қатынасқа және серіктестікке дайын деп айтуға болады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. 2012 ж.
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық (екінші басылым) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015 ж.
3. Байгаринова Ж.К. Исследование урока (Lesson study): от А до Я: метод. рекоменд. / Ж.К. Байгаринова. – Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» Центр педагогического мастерства, 2016. – 36 с.
4. Колинченко А.В., Колинченко А.В. Повышение квалификации педагога // Молодой ученый. – 2016. – №25. – С. 552-554. – URL <https://moluch.ru/archive/129/35812/>